**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:____________Ж. Балгабаева**
**16 қаңтар 2026жыл**

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Балдырған" ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Педагогтың аты-жөні : Бажиева А.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қаңтар айы 2026 жыл 3 апта**

**Қаңтар заң және тәртіп айы**
Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
Үлкендерге құрмет көрсету
Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 19.01.2026 ж | Сейсенбі 20.01.2026 ж | Сәрсенбі 21.01.2026 ж | Бейсенбі 22.01.2026ж | Жұма 23.01.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Ақ сүйек Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту. - Ақ сүйек лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады. - Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады.<br>**Бір тұтас тәрбие** | «Гүлдерді күтеміз» балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, копсыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Экологиялық тәрбие** | «Жол әліппесі» балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.<br>**Қауіпсіздік ережесі** | «Жануарларды орналастыр» Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. | «Жыл атасы» Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеру.<br>Алға еңкею.<br>Тізені бүгу және жазу.<br>**Негізгі қимыл**<br>Тізерлеп тұрып алға еңкею және шалқаю.<br>Зат ұстап аунап түсу | **Қазақ тілі**<br>«Төрт түлікті бағатын адамдар»<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Балалар қойшы, жылқышы, сиыршы, түйеші бейнеленген суреттермен танысып, рөлдік | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды екі жаққа созу.<br>Дене бұру.<br>Музыкамен жүру.<br>**Негізгі қимыл**<br>Музыка ырғағына қол сермеу.<br>Жеңіл секіру және бұрылу. | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Музыкамен достық<br>**Музыка тыңдау:**<br>Тыңдалған музыкалар туралы әсерін айту.<br>**Ән айту:**<br>Таныс әндерді барлығымен бірге таза орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Жеңіл жүгіру.<br>Қолды жоғары көтеру, жанға ашу.<br>Созылу жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл**<br>20–25 см биіктіктен секіру.<br>Ұзындыққа секіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (шалқадан →<br>етпетінен).<br>Сызықтардан аттап<br>секіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім жылдам жетеді?»<br>Балалар белгіленген<br>орынға ең тез секіріп<br>жетуге тырысады.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен айналу, қол<br>қимылдары.<br>**Қорытынды**<br>Баяу тыныс алу, аяққа<br>жеңіл массаж. | ойын ойнайды.<br>Кейіпкерлердің<br>көңіл күйін дауыс<br>ырғағымен<br>жеткізеді.<br>**Сөйлеудің**<br>**дыбыстық**<br>**мәдениеті:**<br>Артикуляциялық<br>жаттығу «Жел<br>үрледі».<br>Қ, ғ дыбыстарын сөз<br>ішінде анық айту.<br>**Сөздік қор:**<br>қойшы, жылқышы,<br>сиыршы, түйеші<br>**Тілдің**<br>**грамматикалық**<br>**құрылымы:**<br>Үлгі бойынша<br>жайылма сөйлем<br>құрау<br>Қойшы қой бағады.<br>Жылқышы жылқы<br>бағады.<br>**Байланыстырып**<br>**сөйлеу:**<br>Кәсіп иесі туралы<br>қысқаша айту.<br>**Ойын:** «Кім нені<br>бағады?»<br>Балалар кәсіп иесін<br>төрт түлікпен<br>сәйкестендіреді<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** Әуен<br>мен қимыл<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық<br>шығарманы тыңдап,<br>оның сипатын<br>сезіну. | Музыка тоқтағанда<br>қимылды тоқтату.<br>**Қимылды ойын**<br>«Музыка тоқтағанда»<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Бірқалыпты қимылдар,<br>қадам мен қол<br>үйлесімділігі.<br>**Қорытынды**<br>Босаңсу, тыныс алу<br>жаттығулары. | **қимылдар:**<br>Музыкаға сәйкес еркін<br>қимылдар жасау.<br>**Балалардың музыкалық**<br>**аспаптарында ойнау:**<br>Сазсырнайда қарапайым<br>әуенді өз бетінше ойнауға<br>мүмкіндік беру.<br>**Билер:**<br>Жұппен би қимылдарын<br>орындап, сабақты<br>қорытындылау. | Секіргішпен жылдам<br>секіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүгір де құтқар»<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>Музыкамен жылдам және<br>баяу қимылдарды<br>алмастыру.<br>**Қорытынды**<br>Жүрісті баяулату, дем<br>шығару жаттығулары. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Ән айту:**<br>Әуенді таза, сөздерін анық айтуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың бірінші бөлігінде жүру, екінші бөлігінде жүрелеп отыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Сазсырнайды пайдаланып қарапайым әуенді ойнау.<br>**Билер:**<br>Музыкалық қимылдарды би элементтерімен біріктіру. | | | |
| | | **Апталық дәйексөзі (мақал):**<br>**«Құс — табиғаттың сәні.»**<br>«Құстармен алғашқы танысу»<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Қанаты қатты құс қалықтап ұшты».<br>Сөздік қор: торғай, қарға, көгершін, қанат, тұмсық.<br>Сан есімдерді қолдану: үш торғай, екі қарға.<br>Құстар бейнесі бар суреттер бойынша қысқа әңгіме құрату. | «Торғай — ең жақын дос»<br>**Тіл дамыту:**<br>Тақпақ: «Торғай келді терезеге».<br>Торғайдың түсін, дауысын сипаттау.<br>Сан есімді сөйлемде қолдану: «Екі торғай нан шоқып тұр».<br>Сурет бойынша әңгіме: торғайдың ұясы, тамағы.<br>Көркем әдебиет: «Торғайдың сыйы» ертегісін тыңдау.<br>Торғайдың әрекетін қимылмен бейнелеу. | «Көгершін — бейбіт құс»<br>**Тіл дамыту:**<br>Жаңылтпаш: «Көгершін көкке көтерілді».<br>Сөздер: көгершін, қауырсын, ұшу.<br>Сан есімдер: бір көгершін, төрт қауырсын.<br>«Көгершін не істеп жүр?» деген сұраққа жауап беру.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Көгершін мен бала» мәтінін тыңдау.<br>Интонация арқылы бейбіттік сезімін жеткізу.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақша дыбыстар: ө көгершін. | «Қарға — өте ақылды құс»<br>**Тіл дамыту:**<br>Тақпақ: «Қарға қарқ етті».<br>Сөздер: қарға, қара түс, тұмсық.<br>Сан есімді септікпен қолдану: «Үш қарғаны көрдім».<br>Қарғаның әрекеті бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Қарға мен түлкі» мысалы (жеңіл нұсқа).<br>Образды жеткізу: түлкінің қулығы, қарғаның дауысы.<br>**Қазақ тілі:**<br>Ғ және қ дыбыстарын тәрбиелеу.<br>Хабарлы сөйлем: «Қарға | «Құстарға қамқорлық жасайық»<br>**Тіл дамыту:**<br>Жануарларға арналған үндеу сөйлемдері: «Құстарды қорғайық!».<br>Етістіктер: жем шашу, қорғау, күту.<br>Сан есімдер: төрт ұя, бес құс.<br>Құстарды қорғау тақырыбындағы әңгіме құрату.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Құстарға көмек» әңгімесін тыңдау.<br>Сахналау: балалардың құстарға жем беруі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет:**<br>«Торғай мен бала» әңгімесін тыңдау.<br>Сахналау: бала торғайға жем шашады.<br>**Қазақ тілі:**<br>Қазақша дыбыстарды айту: ө, ү, қ, ғ.<br>Сөздер: құс, ұя, қанат.<br>Жай сөйлем: «Құс ұшып жүр».<br>Бұйрық рай: «Қара», «Ата», «Әкел». | **Қазақ тілі:**<br>Төрт түлік иелерін сөйлеу барысында қолдану (сиыршы сиыр).<br>Қазақша сөздер: торғай, ұя, жем.<br>Жайылма сөйлем: «Кішкентай торғай ағаш басында отыр». | Құрмалас сөйлем құруға жаттықтыру: «Көгершін ұшты, өйткені ол жеңіл».<br>Бұйрық рай: «Қара», «Сипа». | ағашқа қонды».<br>Лепті сөйлем: «Қара, қарға келді!» | **Қазақ тілі:**<br>Бұйрық рай: «Сақта», «Жасама», «Көмектес».<br>Жайылма сөйлем: «Балалар құстарға жем шашты». |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қаңтар айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Математика негіздері:**<br>Құстардың жиынын салыстыру: көп–аз.<br>Пішіндер: шеңбер құстың денесі, үшбұрыш тұмсығы.<br>1–5 реттік санау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Құстардың табиғатта алатын орны.<br>Адамға пайдасы (жәндіктерді жейді).<br>Қауіпсіздік: құстарды ренжітпеу.<br>**Сурет салу:**<br>Құстың пішінін сызықтар мен шеңбер арқылы бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан құстың қарапайым дене бөліктерін біріктіріп мүсіндеу.<br>**Жапсыру:**<br>Дайын қанат және дене пішіндерін жапсырып «құс» құрастыру.<br>**Құрастыру:**<br>Лего немесе текшелерден «құстар | **Математика негіздері:**<br>Торғай суреттерін көлеміне қарай топтау.<br>Екі қатар торғайды салыстыру: тең–тең емес.<br>Кеңістікте бағдарлау: жоғары–төмен, алда–артта.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Торғайдың адамдарға үйір болатыны.<br>Құстарға жем беру мәдениеті.<br>Жолда жүру ережесі: құстарға жақындау үшін қауіпсіз жолдан өту.<br>**Сурет салу:**<br>Торғайдың қоңыр-сұр реңктерін қолдану.<br>Мүсіндеу:<br>Ермексаздан торғайдың дөңгелек денесін және ұзын құйрығын жасау. | **Математика негіздері:**<br>Көгершін силуэттерін биіктігі бойынша салыстыру.<br>Пішіндер: шеңбер, сопақ.<br>5-ке дейін реттік санау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Көгершіннің қалада өмір сүретіні.<br>Адамға өте бейім құс екені.<br>Қауіпсіздік: қоғамдық жерде құстарды дұрыс тамақтандыру.<br>**Сурет салу:**<br>Көгілдір және ақ түстермен көгершін салу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан қанатын жайған көгершін жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Қауырсындарды орналастырып композиция жасау.<br>**Құрастыру:**<br>Картоннан «алаңдағы көгершіндер» композициясын құрастыру. | **Математика негіздері:**<br>Қара және ақ пішіндерді салыстыру.<br>Ұзын–қысқа пішіндер.<br>Кеңістік: сол–оң, алда–артта.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Қарғаның ақылдылығы туралы қысқа әңгіме.<br>Қарғалар қыста да қалада қалады.<br>Құстарды ренжітпеу мәдениеті.<br>**Сурет салу:**<br>Қара гуашьпен қарға суретін салу.<br>**Мүсіндеу:**<br>Қара ермексаздан денесі мен тұмсығын жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Қарғаның көлеңкесін жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Лего арқылы ағаш және қарға бейнесін жасау. | **Математика негіздері:**<br>Құстарды санына қарай топтау (1–5).<br>Пішіндерден құс бейнесін құрастыру.<br>Уақыт: таңертең құстар оянады, кешке түнейді.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:**<br>Құстарға көмектесу жолдары: ұя ілу, жем беру.<br>Табиғатқа жанашырлық тәрбиелеу.<br>Жолда жүру ережелерін қайталау.<br>**Сурет салу:**<br>«Құстарға жем шашу» сюжеті.<br>**Мүсіндеу:**<br>Ермексаздан ұя немесе жем салғыш жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Құстардың жем салғышын жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан «құс ұясы» макетін құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алаңы» жасау. | **Жапсыру:**<br>Торғайдың ұясын жапсыру (қағаз қиықтары).<br>**Құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан (шыбық, жапырақ) «ұя» жасау. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Айдай мен жұмыс ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуды ынталандыру.** | **Осман жұмыс өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу.** | **Аңсаған мен жұмыс жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету.** | **Айлин мен жұмыс . жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу.** | **Айдай мен жұмыс қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді жетілдіру .** |
| **Серуенге дайындық** | **Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.**<br>**Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Жолмен жүреміз»<br>Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау, дәл жүріске дағдылану.<br>Шарты: Балалар арқан немесе сызылған сызық бойымен құлап қалмай жүреді. Тәрбиеші кейде бағытты өзгертеді | "Тышқандар мен мысық"<br>**Міндеті:** ептілік, шапшаңдық.<br>**Шарты:** Балалар — "тышқандар", біреуі — "мысық". Мысық тышқандарды қуады. | «Аю қыстауға дайындалады»<br>**Міндеті:** Күш пен төзімділікті дамыту, үлкен қозғалыс бұлшықеттерін жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар «аюлар» болып, «жем» (доп, кубик) жинап, өз «індеріне» (шеңбер ішіне) апарып қояды.<br>. | Аңшылар мен қояндар"<br>**Міндеті:** ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**Шарты:** "Қояндар" шеңбер ішіне тығылады, "аңшылар" ұстап алуға тырысады. Ұсталған қояндар орнын ауыстырады. | «Жолмен жүреміз»<br>Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау, дәл жүріске дағдылану.<br>Шарты: Балалар арқан немесе сызылған сызық бойымен құлап қалмай жүреді. Тәрбиеші кейде бағытты өзгертеді |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Кешкі ас** | Ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |